«Бекітемін:»
«Ай-Томирис» балабақша
ЖШС –нің меңгерушісі:
О.Жакен ____________

# «Ай-Томирис» балабақшасының 2020-2021 оқу жылына арналған Педагогикалық кеңестің хаттамалары.

Шұбарсу елді мекені
2020-2021 оқу жылы

Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы

29.08.2020ж қатысқандар 7

Күн тәртібінде:

1.Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту,хатшысын сайлау.
2. Балабақшы педагогикалық ұжымын 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарымен,ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен (Вариативтік компоненттерді қосқанда ),перспективалық жоспармен,балалардың күн тәртібімен таныстыру,талдау,талқылау,бекіту.Жауапты әдіскер.
3.Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.
4.Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.
5.Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту. Жауапты әдіскер.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі О.Жакен педагогтердіжаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып ,күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты.Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы,әдіскер,педагогтар,тәрбиешілер,психолог кіретіндігін айтты.Сонымен қатар ,педагогикалық кеіестің құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2020-2021 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Н. Уракбаева сайланғанын айттып өтті.
Сөз сөйлеген:Әдіскер Ш.Сәбитқызы 2019-2020 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы Н.Уракбаева педкеңес хаттамасын сауатты жүргізіп ,баяндама,хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды.Педагогикалық кеңес бір ауыздан тәрбиеші Н. Уракбаеваны сайлауды ұсынды.
Тыңдалды:Күн тәртібінде қаралған екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Жакен жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен,балабақшаның жұмыс бағыты,мақсаты,міндетімен таныстырып өтті.
Сөз сөйледі:Әдіскер Ш.Сәбитқызы жылдық жоспарда барлық педагогтың жоспарды жүзеге асыру ролі,ұйымның мақсат-міндеттері,іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деген ойын түйіндеді.
Тыңдалды:Үшінші мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі О.Жакен сөйледі. Коронавирустық инфекция таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар балабақшада қашықтан оқытуды ұйымдастыру және оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін оңтайлы жағдайлар жасау мақсатында әзірленді.Мектепке дейінгі ұйымдарда ҰОҚ қызмет түрін ұйымдастыру санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты анықталды,-деп қашық форматтағы ұйымдастырылған оқу қызметтеріне ұсынымдар оқып шықты.
1) Ұйымдастырылған оқу қызметі (кеңестер ) қашық форматта;
2) Кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру;
1.Ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыру қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, үй жағдайында балаларға материалдар ұсынылады, ата-аналардың жетекшілігімен педагогтардың тапсырмаларын үйренеді және орындайды ( ересек топтары).
2. Ата-аналардың өтініші бойынша кезекші топтарды ұйымдастыру – тиісті аймақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың

шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, штаттық режимде оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру нысанын.

3.Топтарда Санитарлық қағидаларға сәйкес 15 минуттан артық емес қашықтықтан өтетін сабақтар жүргізеді.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Ш.Сәбитқызы қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру туралы түсіндіріп өтті.Тәрбиешілер бейнесабақтар ретінде ересек топтарға өте алады. Ата-аналарға арнайы чат ашып ,оған сабақтың басталу күнін көрсете отырып,хабардар етеміз.Ересек топ тәрбиешілері қашықтықтан оқытуды жүргізу үшін әр отбасында қолжетімді байланыс түрлерін,интернеті болған жағдайын ескеру керек.Бекітілген оқу кестесіне сәйкес қашықтықтан ұйымдастырылған оқу қызметін өткізеді;

- «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен танысу» бойынша ( күніне бір сабақ) тәрбиешінің қашықтан кіріктірілген сабақ кестесін құрылуы тиіс.
- Ересек топ тәрбиешілері ( WhatsApp желісі арқылы ) топтар құрады,жас топтарын ескере отырып,бейнесабақтар, мультфильмдер аудио-ертегілер жібереді.

Қашықтықтан сабақ ұйымдастыру үшін педагог балалардың жас ерекшелігіне сәйкес,баланың өз бетінше орындауы үшін немесе ата-анасымен бірлесіп орындауы үшін немесе ата анасымен бірлесіп орындауы үшін ойын түріндегі тапсырмаларды алдын- ала дайындайды.Ата-анамен кері байланыс арқылы балалардың сабақты қабылдауын қадағалап отыру керек.

Тыңдалды:Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды.Сол себепті ,тәлімгер тәрбиеші бекітілу керек деп ойлаймын.

Шешім:

1.Педагогикалық кеңестің құрамына: балабақшаның меңгерушісі,әдіскер,психолог,тәрбиешілер бекітілсін.

2.Педагогикалық кеңестің хатшысы болып Н.Уракбаева сайлансын.

3.2020-2021 оқу жылының жылдық міндеттемесімен,жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып ,жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

4.Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары күн тәртібі,оқу қызметінің жүктемелік кестесі,перспективалық жоспары талданып бекітілді.Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге , перспективтік жоспрға сәйкес жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: О.Жакен

Хатшы: Н.Уракбаева

Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

27.11.2020ж қатысқандар 7

Күн тәртібінде:

1.Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру
2. Балалардың бастапқы білім деңгейін бақылау. Баланың даму деңгейінің көрсеткіші.
3.Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту.
4. «Балалардың бейнелеу өнерінен жұмыстарын зерттеу». (тақырыпты тексеру )

Тыңдалды : Меңгеруші О.Жакен өткен кеңестің шеімдерін талқылап өтті.2020-2021 оқу жылының жылдық міндеттемесімен,жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді.Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары,күн тәртібі,оқу кестесінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге,перспективтік жоспарға сәйкес жүргізіліп жатыр.
Карантин талаптарын сақтай отырып,мекемені дизенфекциялап, күнделікті жуып тазалау үшін кезекшілір тізімі құрылып жұмыс жасауда.
Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі О.Жакен бастапқы мониторинг қорытындысымен таныстырып өтті.Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың бастапқы даму мониторингісінің нәтижелерін есеп берді.Балалармен жеке даму картасын жүргізіп,түзету шаралары жүргізілсін деп тапсырды.
Тыңдалды: Қазан айының айлық жоспарына сәйкес балабақшаның негізгі «Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін , қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған оқу қызметін онлайн түрде өткізген болатын.Тәрбиешілердің өткізген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері қанағаттанарлық деп есептелінсін.
Тыңдалды: «Бейнелеу өнерінен балалар жұмысын зерттеу» тақырыпты тексеру қорытындысымен балабақша меңгерушісі О.Жакен таныстырып өтті .ҰОҚ толық онлайн тірде өтті.Ересек топ балаларына өткізілді.

Шешім:

1. Қашықтықтан өтілген ҰОҚ бойынша әрбір педагог тәжірибе алмасып тұрсын.
2. Балалардың даму деңгейіне көңіл бөлінсін. Балалармен жеке даму картасы түзіліп ,түзету шаралары жүргізілсін.
3. Топ тәрбиешілерінің күнделікті сабақ барысында балалардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру үшін көбірек жаңа технологиялар мен әдіс- тәсілдер пайдаланылсын.

Пед. Кеңес төрайымы: О.Жакен
Хатшы: Н. Уракбаева

Педагогикалық кеңестің № 3 хаттамасы

07.12.2020ж қатысқандар 7

Күн тәртібінде:

1.Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. I – ші жарты жылдықтағы аралық мониторинг қорытындысы.
3. «Мектепке дейінгі мекемеде отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері» тақырыбында педагогтарға шебер сынып ұйымдастыру.
4.Педагогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі .

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі О.Жакен I-ші жарты жылдық мониторинг қорытындысымен таныстырып етті.Аралық бақылау I-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің диагностикасын анықтайды.
I-ші жарты жылдыққа бес білім саласы бойынша алған білімдерін бағалап , нәтижесі анықталып ,оқу жылының соңына дейін төмен деңгейдегі балалармен жеке даму картасын жүргізіп жұмыс жасау керектігін айтып өтті
Тыңдалды: Әдіскер Ш.Сәбитқызы –Білім беру мекемесінде отбасымен жүргізілетін жұмыстарды әдістемелік жағынан орынды ұйымдастырудың маңызы өте зор.Әсіресе бұл жұмыс «Тәй-тәй» технологиясымен экспериментік жұмыстарды бастаған уақыттан алға баса бастады. Бұл технологияның басты шарттарының бірі- оқу-тәрбие үдерісіне отбасын белсенді араластыру болып табылады.Балабақша ішінде отбасымен жүргізетін жұмыс жоспарының мақсаты- отбасымен қарым-қатынастың тиімді ,оңтайлы түрлері арқылы отбасын балабақша жұмысына белсендіре отырып араластыра бала тәрбиесіне деген қызығушылықтарын арттыру болып табылады.Ата-аналарды балабақшамен таныстыру,Ата-аналарға ашық есік күндері,Ата-аналарға арналған педагогикалық кеңестер,Педагогикалық әңгімелер,жиналыстар,Дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып отырылады деп жоспарлануда.
Тыңдалды: Әдіскер Ш.Сәбитқызы балабақшаның жарты жылдық есебін баяндады .Жарты жылдық есеп бойынша балабақшаның атқарған жұмыстарын,өткізген ертеңгіліктері,онлайн түрде өткен жиналыстар,ата-аналармен этқан жұмыстар,оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып,электронды түрде өткізілді.Әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылдық есептерін тапсырды.

Шешім:

1.Ата-анамен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу тәрбиешіге жүктелсін.
2. «Мектепке дейінгі мекемеде отбасымен жүргізетін жұмыс түрлері» тақырыбында педагогтарға шебер сынып ұйымдастыру жылдық жоспарына енгізсін.

Төрайымы: О.Жакен
Хатшы: Н.Уракбаева

Педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы

16.03.2021ж қатысқандар 7

Күн тәртібінде:

1.Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
3.Денсаулық саласы бойынша ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.
4.Сауықтыру шараларының жоспарлануы мен ұйымдастырылуы.

Тыңдалды: Балабақшаның меңгерушісі О.Жакен педагогикалық кеңесті ашып берді.Балабақшаны одан әрі көркейтіп ,дамытуға ұжым мүшелерін ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды.
Тыңдалды: Әдіскер сөз алып :балабақшадабалалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті.Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал ететіндігін,дене тәрбиесінің негізгі мазмұны дене жаттықтыру болып табылатындығын атап ,түрлерімен таныстырды.Дене шынықтыру балалардвң денсаулығын сақтап ,нығайтатындығын,дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып,ми-ойл –қозғалыс қабілеті белсенділігін арттыруына ықпал ететінін атап өтті.Дені сау,рухы таза ұрпақ өсіру ,баланың денсаулығын нығайту,шынықтыру,түрлі аурулардың алдын алу ,сақтану жұмыстарын жүргізу басты мақсатымыз .Түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады.
Тыңдалды:Балабақша тәрбиешісі А.Жамалова «Балабақшада сауықтыру шараларын ұйымдастырылуы» атты баяндамасын оқыды.
«Денсаулық» білім беру саласы дене шынықтыру ,қауіпсіз мінез-құлық негіздері бөлімдерінен тұрады. Осыған орай жылдық жоспарға балалардың салауатты өмір салтын сақтау және әр баланың ерекшелігіне қарай дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған,олар:таза ауада дене шынықтыру,ертеңгілік жаттығулар ,спорттық ойын-сауықтар,серуендер,қимылды ойындар,сергіту сәттері,ұйқыдан кейінгі гимнастика,массаж,жалаң аяқ жүру,су процедураларын ұйымдастыру жөнінде айтып өтті. Сондықтан ,Ұрпағымыздың болашағы жарқында кемел болуына ат салысып,дені сау,шыныққан бүлдіршіндер тәрбиелей берейік-деп аяқтады.

Шешім:

1.Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасу мәселесі екендігін ескере отырып ,айтылып өтілген кеңестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.
2.Денсаулық нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.
3.Жас мамандардың ашық оқу қызметіне қатысуы қадағалансын.

Пед.кеңес төрайымы: О.Жакен
Хатшы : Н.Уракбаева

Педагогикалық кеңестің № 5 хаттамасы

20.05.2021ж қатысқандар 7

Күн тәртібінде:

1.Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру
2. Қорытынды мониторинг.
3.Оқу процесінің жылдық қорытындысы.
4.Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі О.Жакен өткен пед кеңестің шешімін талқылады.Бала денсаулығының нығаюына арналған іс-шаралардың жоспары көрсетіліп, балалармен жасалған жұмыстардың есебі оқылып, әреттері көрсетілді.
Тыңдалды:Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісң О.Жакен Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарына сүйеніп жасалынады.Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың құзреттіліктерінің даму динамикасының оңтайлы екендігі байқалады.Бұдан ұйымдастырылған оқу қызметтері дұрыс жүргізілгендігін байқауға болады.Балалардың даму деңгейін тексеру мен бақылау әдіскер басшылығымен әдістемелік кеңесте талқыланды.
Тыңдалды: Жаз мезгілінің жоспарымен танысу.2020-2021 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары дайындалып меңгеруші О. Жакен бекітті. Жоспар бойынша аптаның 4 күні жазғы кестеге сәйкес жеңілдетілген оқу қызметтері өткізіледі.Аптаның бесінші күні пталық тақырыпты қорытындылау нәтижесінде ойын-сауық өткізіледі. Ойын-сауыққа жауапты педагогтар бекітіледі.
Тыңдалды: Әдіскер Ш.Сәбитқызы 1 –ші маусым «Балаларды қорғау күні» не орай балабақшамызда «Бақытты балалық шақ» апталығы жоспарланды. «Экология апталығы», «Салауатты өмір салты апталығы», «Ұлттық ойындар апталығы» , «Спорттық ойындар апталығы», «Жолда жүру ережесі апталығы» және т.б мерекелік іс-шаралардың өтілу күндерімен таныстырып өтті.

Шешім:

1.Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс –шараларының жоспарының орындалуы қадағалансын. Топ тәрбиешілері жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспар жұмысы бекітілсін.
2.Педагогтардың жылдық есептері қабылдансын.

Пед.кеңес төрайымы: О.Жакен
Хатшы: Н. Уракбаева